



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

для этого необходимо будет усилить экономику страны, разработать единую, комплексную стратегию и выдержать конкуренцию других государств. Что на сегодняшний день сложная задача.

Список использованных источников:

1. Nye J. Bound to lead: the changing nature of American power. – New York: Basic Books, 1990.
2. Nye J. Soft Power: The Means to Success in World Politics. – New York: Public Affairs, 2004.
3. SIPRI Military Expenditure Database./ <https://www.sipri.org/databases/milex>
4. Российская армия получит 2300 новейших танков "Армата"/ <http://deita.ru/news/society/17.09.2015/4971482-rossiyskaya-armiya-poluchit-2300-noveyshikh-tankov-armata>
5. Россия усиливает военное присутствие в Центральной Азии/ http://www.bbc.com/russian/international/2015/10/151016_cis_summit_kazakhstan
6. Большие проблемы Таджикистана/ <http://ru.m.journal-neo.org/2015/10/17/bol-shie-problemy-tadzhikistana/>
7. Байконур остался в лидерах по числу пусков ракет-носителей в 2015 году/ <http://www.kazpravda.kz/news/tehnologii/baikonur-ostalsya-v-liderah-po-chislu-puskov-raket-nositelei-v-2015-godu/>
8. Иномжон Бобокулов,. Стратегические функции и перспективы иностранного военного присутствия в центральной азии.// Центральная азия и Кавказ. Том 15. Выпуск 2. 2012.
9. Конституция Республики Казахстан. Алматы, 30 августа 1995 г..
10. Конституция Кыргызской Республики 27 июня 2010 года
11. Shevtsova L. Forward to the past in Russia // Journal of Democracy. – April 2015. – Volume 12, Number 2. – P. 26.
12. Информационный портал фонда русский мир. / <http://ruskiymir.ru/rucenter/catalogue.php>
13. Россотрудничество объявило прием иностранцев на бесплатное обучение в вузах России./ <http://sogdiana.tj/centralnyy-blok-1/3255-rossotrudnichestvo-obyavilo-priem-inostrancev-na-besplatnoe-obuchenie-v-vuzah-rossii.html>
14. Nye, Joseph. The future of Power, New York, Public Affairs, 2011, p. 23.

ӘОЖ 327:341.215.4(5-191.2)

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕО-НЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ИНСТИТУТТАРЫ

Сейлхан Балауса

balausa_95_07@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ң 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Букешова Г.К

Қазіргі таңда адам құқығын қорғау әлемдік қоғамдастыққа жүктелген ең маңызды міндеттер қатарына жатады. Адам құқығын қорғау бойынша халықаралық ұйымдардың қызметі бұрыннан және түрлі формаларда жүзеге асырылуда. Бастамасы 1919 жылы Халықаралық еңбек ұйымын құрумен Ұлттар Лигасының тиісті Конвенциясын қабылдаумен қаланды. Алайда екі бірдей дүниежүзілік соғысты бастан кешіргеннен кейін ғана әлемдік қоғамдастық жеке тұлғаны бағалай бастады. 1945 жылы БҰҰ құра отырып, мемлекеттер Жарғының 1 бабында, ұйымды құрудағы мақсаттардың бірі «нәсілге, жынысқа, тілге және дінге бөлместен адам құқығы мен негізгі бостандықтар деген құрметтеуді дамыту мен

кеңейту» болып табылады деп келісті. БҰҰ-ың құрушылар қауіпсіздік, экономикалық даму және адам бостандығы бір- бірінен ажырамас нәрселер екенін түсінді. Экономикалық және әлеуметтік кеңес «адам құқықтарының сақталуына және құрметтелуіне, негізгі бостандығына ықпал ететін нұсқаулар беруге» міндетті деп Жарғыда жазылған.

1948 жылы желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының Адам құқықтарының қазіргі түсінігі түріндегі адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясы қабылдануынан кейін адам құқығы халықаралық қатынастардың анықтаушы факторы болды. Декларацияның баптары қазіргі халықаралық құқықтың және әлемнің барлық мемлекеттерінің құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі болды. Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясы халықаралық келісім-шарт еместігіне қарамастан, соның негізінде БҰҰ-ның басқа барлық құжаттары қабылданатын ереже ретінде қалыптасты.

Бүгінгі таңдағы адамзат баласының құнды қасиеттерінің бірі - ол адам құқықтары мен негізгі еркіндіктері екендігі аян. Адам құқықтары мен негізгі еркіндіктері біздің жан-жақты дамуымыз үшін, өзіміздің адамгершілік қасиетімізді пайдалануымызға, біздің ақыл-ойымыз, дарынымыз бен ар-ожданымыз, біздің рухани және басқа да мүдделерімізді қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Әр қоғамда әділеттілік, әділдік, адамгершілік және құрметтілік түсінігі өмір сүргені белгілі. Бірақ нақтылы әлеуметтік тұжырымын қамтамасыз ететін жалғыз жол - ол адам құқықтары.

Адам құқығын қорғау концепциясы Еуропалық институттардың дамуымен бірге сатылап дамыды. Ұзақ уақыт бойы Еуропалық бірлестік институттары ішкі ұйымның ішінде болып жатқан процестерге адам құқығын қорғаудағы тағайындалған үлгісін қолданудан бас тартып отырды. Сонымен көптеген елдердің азаматтары - Еуропалық бірлестіктің мүшелері, мемлекеттердің тетігіндегі құқықтары қорғалғанмен еуропалық кеңес шеңберінде жыл сайын күшейіп келе жатқан жаңа ұлттық тетіктің алдында қорғаныссыз қалды. Еуропалық бірлестіктің институттары теориялық жүзінде екінші қайтара құқық актілерін шығаруға толық құқығы бар еді. Еуропалық адам құқықтарын және негізгі еркіндіктерін қорғау конвенциясына кірген мемлекеттер міндеттемелеріне қарама-қайшылық көрсеткенмен осы құқықты сақтау міндетті. Осы жағдай еуропалық ұйымдардың құқығына күмән келтірудегі дағдарысын туғызу табиғи жағдай.

Осы қақтығыс аман-есен шешілгеннен кейін, еуропалық бірлестіктерде адам құқығының концепциясын бекітпей және мойындамай әрі қарай даму ұлттық білім құқықтық тәртібінде мүмкін емес. Еуропалық ұйымдардың құқықтық тәртібіне адам құқығын қорғау жағдайы сатылап қосылып мойындатуға бағыт алды. Адам құқығын қорғаудағы Еуропа Кеңес шеңберіндегі жүйені құрудағы сұрақта адам құқығын және негізгі еркіндіктерін қорғауда еуропалық конвенция негізгі рөл атқарады.

Мойындатқаннан кейін еуропалық бірлестіктердің институттармен мекемелерінің қызметінде адамның негізгі құқықтарын сақтау қажет. Және екіншілік құқықтың акті шығарылғаннан бастап құқықты қалпына келтіру процесі басталды. Еуропалық кеңестегі бұзылған құқықтарды қорғаудағы ең тиімді құрал - еуропалық одақтың соты болып табылады.

Адам құқығы жөніндегі Еуропалық Соттың іс-тәжірибесін талдау және Еуропалық Одақтың соты екі еуропалық құқық қорғау жүйесі сонымен қатар адам құқығын қорғаудағы халықаралық ұйымдардың құқығын нығайту тенденциясы туралы қорытынды шағаруға мүмкіндік береді.

Адам құқығының қалыптасуының концепциясы еуропалық одақтың құқығында ұзақ әрі қиын жолдан өтті. Мұндағы ең қызықты аспектілерінің бірі Еуропалық Одақтың адам құқығы туралы еуропалық конвенцияға қосылуының рәсімі - дүниежүзінде тарихта болмаған оқиға.

Қазіргі кезеңде халықаралық ұйымдар, соның ішінде еуропалық институттар адам құқықтарын қорғау бойынша қызметін күшейтті. Еуропада адам құқықтары мен байланысты жаңа құрылымдар пайда болды.

«Адам құқығын қорғау мәселесі шеңберінде Еуропалық Одақтың және Еуропалық

Кеңестің өзара әрекеттесуі» атты С.Н. Кузнецованың жұмысын ерекше атап көрсетуге болады. Бұл ғалым жұмыс барысында Еуропалық Одақ пен Еуропа Кеңестің құқықтық институттармен әрекеттесуі және Еуропалық Одақтың Адам құқығы және негізгі еркіндік бойынша Конвенцияға қосылуының болашағын зерттеген.

ЕО-ғы адам құқығын қорғау мәселесі көбінесе оқулықтарда қарыстырылады. Еуропалық Одақтағы құқыққа байланысты жоғары оқу орнындарына арналған оқулықтар профессор С.Ю. Кашкин, профессор Л.М. Энтиннің редакциясымен шыққан оқулықтарының ЕО-ғы адам құқығын қорғау тақырыптарында ерекше атауға болады. ЕО шеңберіндегі адам құқығын қорғау мәселесіндегі арнайы құқық салаларының зерттелуін айтып кетуге болады.

Шетел зерттеушілердің, атап айтқанда Rideau J, Ress G. Wite N, Zuleeg M жұмыстары келесі топты құрайды. Шетел ғалымдардың жұмыстары, негізінде адам құқығын қорғау бойынша ЕО концепцияларының кейбір аспектілерін көтереді. Батыс зерттеушілері көбінесе кепілдендірілген құқықтардың каталогтарына көңіл аударады.

Сонымен бірге қазақстандық дипломаттардың да және саяси қайраткерлердің де зерттеу еңбектерінің негізін құрайды. Олардың қатарында Қ.Сұлтанов, М. Тәжин, Е.Ыдрысовты атап өтуге болады.

Отандық зерттеушілердің ішінде осы мәселелермен айналысқан Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің халықаралық қатынастар факультетінің халықаралық қатынастар және авторлар Ж.У.Ибрашевті, Қ.Е.Байзақованы, Ф.Т.Көкееваны атауға болады.

Еуропа кеңесі - әлемдегі беделді халықаралық ұйымдардың бірі. 1949 жылы Батыс Еуропаның 10 мемлекетінің бірлескен шешімімен құрылған. Штаб-пәтері Страсбург (Франция) қаласында. Ресми тілі — ағылшын және француз тілдері. Қазіргі кезде Еуропа кеңесінің 40 мүшесі бар. Әзербайжан, Армения, Беларусь, Босния мен Герцеговина, Грузия, Монако елдері мүшелікке кандидат. Бұл елдердің парламенттерінің (Беларусьтен басқасы) Еуропа кеңесінің парламенттік ассамблеясына «арнайы шақырылған» деген мәртебесі бар. Ал АҚШ, Канада, Жапония мемлекеттерінің бақылаушылық мәртебесі бар. Еуропа кеңесінде демократиялық принциптер, адам құқы мәселелері, гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық байланыстар, мәдениет, экология мен ақпарат салаларындағы бірлескен іс-әрекеттер үнемі қаралып отырады. Жалпыеуропалық істерге, аймақтық жанжалдарға, т.б. халықаралық маңызы бар саяси мәселелерге үнемі көңіл бөлінеді. Жұмыс, негізінен, үкіметаралық, парламентаралық кездесулер деңгейінде, жергілікті үкімет орындары мен үкіметтік емес ұйымдар арқылы жүргізіледі. Жарғы бойынша, ұлттық қорғаныс мәселелері Еуропа кеңесінің қарауына жатпайды. Еуропа кеңесінің негізгі органдары: Еуропа кеңесінің Министрлер Кеңесі (МК) — жылына 2 рет Еуропа кеңесіне мүше елдердің сыртқы істер министрлерінің Страсбург қаласында кездесіп отыратын жиыны. Ал қалған уақытта Еуропа кеңесінің тіркелген тұрақты өкілдері арқылы жұмыс жасайды. Ағымдағы жұмысты ұйымдастыру үшін төраға мен оның 2 орынбасарынан тұратын бюро сайланады. Төраға міндетін мүше мемлекеттердің сыртқы істер министрлері алты ай сайын кезектесіп атқарады. Министрлер Кеңесі міндеті — мүше мемлекеттердің өз міндеттерін атқаруын қадағалау, ұйымның жыл сайынғы бағдарламасы мен бюджетін бекіту, мүше мемлекеттердің өзара ішкі саяси келісімдерін орындауға және халықаралық мәселелерге араласуына көмектесу. Министрлер Кеңесінің жұмыс жасайтын арнайы комитеттері мен жұмыс топтары бар. Министрлер Кеңесінің шешімі мүше мемлекеттер үшін міндетті емес, тек қаулы-қарар, ұсыныс түрінде ғана. Бірақ Министрлер Кеңесі бұл шешімдердің атқарылу барысы жайында кез келген үкіметтен ақпарат сұрауға құқы бар. Еуропа кеңесінің Парламенттік ассамблеясы (ЕКПА) — кеңесші орган болып табылады. Ол ұлттық парламент депутаттары арасынан жиналған 306 өкіл мен олардың 306 орынбасарынан тұрады. Әр мемлекетке квота сол елдегі халық санына қарай анықталады. Еуропа кеңесінің Парламенттік ассамблеясының депутаттары жыл сайын Страсбургке қаңтар, сәуір, маусым, қыркүйек айларының ақырғы апталарында кездесіп отырады, кейде «көшпелі мини-сессиялар» өткізіледі. Еуропа кеңесінің Парламенттік ассамблеясы мүшелері өз мемлекеттерінің емес, өз сайлаушыларының мүддесін қорғауға тиіс. Дауысқа салынғанда ұлттық емес партиялық мүдделер қорғалады.

Еуропа кеңесінің Парламенттік ассамблеясындағы неғұрлым көрнекті партиялар: социалистер, христиан-демократтар, консерваторлар. Бұған қоса аз санды «тәуелсіз депутаттар» да кездеседі. Депутаттардың Министрлер Кеңесіне және мүше-мемлекеттерге жіберетін қаулы-қарарлары мен ұсыныстары үштен екі бөліктен көп дауыс алғанда ғана қабылданады. Депутаттар Парламенттік ассамблея төрағасы мен орынбасарларын және хатшысын, Еуропа кеңесінің бас хатшысы мен оның орынбасарын, адам құқы жөніндегі Еуропалық соттың судьяларын сайлайды. Еуропа кеңесінің Парламенттік ассамблеясының әртүрлі салалар (саясат, заң және адам құқы, мәдениет пен ағарту, экономика, т.б.) бойынша 14 комитеті бар. Соның ішінде мониторинг жөніндегі комитет мүше мемлекеттердің алған міндеттерін орындау мәселесін қарайды. Егер мүше мемлекеттер тарапынан бұл міндеттер орындалмаса немесе бұзылса, комитет мүшелері сол елдің парламенттік делегациясын Еуропа кеңесінің Парламенттік ассамблеясыдан шығару және Министрлер Кеңесіне ол мемлекетті Еуропа кеңесі құрамынан шығару мәселесін қояды. Бұған қоса Еуропа кеңесінің Парламенттік ассамблеясы пленарлық жиналыстар арасында жұмыс істейтін бюро мен тұрақты комиссия мүшелерін сайлайды. Еуропа кеңесінің күнделікті жұмысын халықаралық секретариат жүргізеді. Оның бас хатшысы бес жыл мерзімге сайланады. Еуропа кеңесінің жеке бюджеті болатын арнайы кеңселері бар: конституциялық құқық жөніндегі Венеция комиссиясы, есірткі тасымалдаушылармен күрес жөніндегі Помпиду тобы, өз мүшелеріне жеңілдікпен қарыз бөлетін әлеуметтік даму қоры, т.б. Еуропа кеңесі атынан үнемі еуропалық конференциялар өткізіп тұрады. Оған еуропалық мемлекеттер толығымен (кейде еуропалық емес мемлекеттер де) шақырылады. Еуропа кеңесі мүшелері «Адам құқын қорғау және негізгі бостандықтар туралы» конвенцияны орындауға міндетті. Осы конвенция негізінде Страсбургте адам құқын қорғау жөніндегі Еуропалық сот құрылған. Мүше мемлекеттердің кез келген азаматы өз үкіметтері тарапынан саяси қысым көрген жағдайда осы сотқа шағымдануға құқылы. Еуропа кеңесінің өз рәміздері де бар. Олар: Еуропа туы 1955 жылы бекітілген ортасында Еуропа халықтарының одағын білдіретін 12 жұлдызша айнала орналасқан. Бұл ту 1986 жылдан бастап Еуропалық Одақтың да рәмізі болып бекітілді; Еуропа әнұраны (1972 жылы бекітілген) ретінде Бетховеннің 9-симфониясы — «Қуаныш одасы» алынған. 5 мамыр Еуропа кеңесінің құрылған күні - Еуропа күні болып мерекеленеді [1].

Еуропалық Сот Еуропадағы адам құқықтарын қорғаудың негізгі кепілі ретінде. Адам құқығы бойынша Еуропалық сот 1953 жылы 3 қыркүйекте құрылған. Сот Страсбургте орналасқан. Соттың алғашқы құрылымы және жұмыстың қаралу механизмі құқық қорғаудың екі түйінді жүйесінен құрылған. Оның бірі адам құқығы бойынша еуропалық комиссия және сот. Адам құқықтары жөніндегі еуропалық комиссия бірінші түскен Конвенциямен кепілдендірілетін бұзылған құқықтар мен бостандықтар жөніндегі арыздарды қарауға кірген 1955 жылдан бастап Конвенция соңғы Хаттама жазылған 2004 жылға дейін Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі Конвенцияның қадағалау жүйесі қатты өзгерген.

Алғашқы өзгерістер Еуропалық соттың қызметінің ұйымдастыру мен оның құзыреті жөніндегі жеке аспектілеріне байланысты болды. Мысалы, Конвенцияның №2 Хаттамасына сәйкес Еуропалық сотқа Еуропа Кеңесінің Министрлер комитетінің сауалнамасы бойынша қосымша қорытындыларды шығару құзыретіне ие болды.

Бірақ орталық және шығыс Еуропа мемлекеттері Еуропалық Кеңеске қосылып, мүше-мемлекеттер саны өсуі (1998 жылы Еуропа Кеңесі құрамында 40 мемлекет болды) және осыған байланысты Комиссия мен Сотқа түскен арыздардың көбеюі, сонымен қатар Комиссия, Соттың және Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті арыздарды қарау процедурасының көп қадамды болуы, және Комиссия мен Соттың функцияларының ұқсастығы арыздары қарау мерзімдерінің орташа есеппен 5-6, ал кейде 8-9 жылдарға дейін ұзап кетті.

1994 жылдың қаңтар айында Еуропалық сотта 2700 іс болды, олардың 1500 әлі қарауға да жатқызылмаған. Еуропалық комиссияның және Еуропалық соттың қызметін жеке аспектілер бойынша дамыту, Конвенцияның жалпы қадағалау жүйесінің қарқынды жұмыс

істеуіне ықпал етпейтіні анықталды. Әр жеке адамның намысын және өмірін құрметтеу адам құқығының негіздері ретінде көптеген дүниежүзілік ұлы діндер мен философиялық білімде бар. Адам құқықтарын сатып алуға, мұра ретінде алуға болмайды, адам нәсіліне, жынысына, тіліне, дініне, саяси және басқа да нанымдарына, ұлттық және әлеуметтік жаратылысына, мүліктік жағдайына, тумасына және басқа жағдайларға тәуелсіз беріледі және әр адаммен «біртұтас» болып келеді [2].

Адам және мемлекет арасындағы қарым-қатынастарында адам құқығы маңызды рөлге ие. Ол әр адам үстіндегі мемлекеттік қызметтің жүзеге асырылуын реттейді, мемлекетпен қатынастағы азаматтарға бостандықтарын береді. Конвенцияның жалпы қадағалау жүйесі келесідей үш іс-шаралар тобын қамтитын қайта ұйымдастыруды қажет етті:

Жеке шағымдарды беру процедурасын жеңілдету мақсатымен жеке тұлғаларға Адам құқықтары жөніндегі Комиссиядан өтпей-ақ Еуропалық Сотқа тікелей жүгіну құқығын беру;

Адам құқықтарын және бостандықтарын қорғаудың жоғары сапада сақтай отырып, шағымдарды қарау процесін тездету шаралары.

Жалпы, Конвенцияның қадағалау жүйесінің эффектілігін жоғарылату шараларын ұйымдастыру.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыру шаралары Конвенцияның «Конвенцияға сәйкес қадағалау жүйесін қайта ұйымдастыру туралы» 1994 жылдың 11 мамырда қол қойылған және 1998 жылдың 1 қарашасында күшіне енген №11 Хаттамасында белгіленген.

Еуропа Кеңесі гуманитарлық ынтымақтастықтың мәселелеріне жауапты орталық халықаралық ұйымға айналды. Осыған байланысты, Еуропа Кеңесінің сот механизмінің қызметін реттейтін негізгі құжат - адам құқықтары бойынша Еуропалық конвенция болып табылатындығын айта кеткен жөн. Құрылған құрылым шеңберінде қатысушы мемлекеттер тарапынан да, сондай-ақ, халықаралық ұйымның өзінің тарапынан да жасалған халықаралық келісімдердің бірыңғай түсіндірілуі мен қолданылуын, ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету қажет болды. Аталмыш функция халықаралық ұйымның-адам құқықтары бойынша Еуропалық соттың құрылымына кіретін Еуропа Кеңесінің сот органына жүктелген болатын. Уақыт өте келе адам құқықтары бойынша Еуропалық соттың сот қызметі еуропалық құқықтың тиімділігі мен оның одан арғы дамуының маңызды факторының негізгі кепілдіктерінің біріне айналды.

Кез келген мемлекетте, тіпті тұрақты демократиялы елдердің өзінде де адам құқықтары мен бостандығының бұзылуы орын алатындығын айта кету керек. Халықаралық (еуропалық) сот пен ұлттық соттағы процесстердің арасында тығыз байланыс бар. Мысалы, жеке адам мемлекет ішіндегі құқық қорғаудың барлық құралдарын нақты пайдаланып болғасын, адам құқықтары бойынша еуропалық сотқа өзінің құқықтарын қорғау мақсатында өтініш жасай алады. Осының барысында процесс басқа сатыға, ұлт үстінен жоғары (наднациональный) сатыға өтеді: ұлттық соттағы процесс, ұлттық процесс барысында жеке адамның құқықтарын қорғау халықаралық соттың зерттеу объектісіне айналады. Төртіншіден, сот қызметінде құқық көздері құқық принциптерінің, қатысушы - мемлекеттер үшін ортақ халықаралық келісімдердің қолданылуы. Еуропалық сот талас-егестерді шешу барысында, халықаралық құқықтың қайсыбір нормаларын түсіндіру барысында қатысушы-мемлекеттерде қалыптасқан құқық принциптерін қолданады. Бесіншіден, еуропалық соттың прецеденттері құқық көздері болып табылады. Өзінің сот шешімдерінде еуропалық сот берген еуропалық құқық нормаларына түсінік берудің ресми және кейін қолданылуы үшін, соның ішінде ұлттық соттар қолдануы үшін міндетті сипаты бар [3].

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық Ковенция - ықшамды және қысқаша халықаралық-құқықтық акт болып табылады, оның жағдайлары Еуропалық сотпен әр қаралатын істерге қатысты талқыланады. Конвенциямен және оның Хаттамаларымен кепілдендірген құқықтар мен бостандықтарды талқылай, Еуропалық сот, өзінің белгілі-бір құқықтық сұрақ бойынша позициясын басшылыққа алып, Ковенцияның мақсаттарына сәйкес олардың көлемі мен мазмұнын ашады, шағымның қаралуы жататындығы жөнінде немесе шағымданушының құқық бұзушылығы жөнінде шешім

шығарады.

Конвенция мен оның Хаттамаларымен ұсынылған құқықтар мен бостандықтардың көлемі мен мазмұнын ашу және талқылау нәтижесінде айтарлықтай кеңейді, себебі фактілі дербес құқықтар қосылды.

Мысалы, Біріккен Корольдікке голдер ісі Қаулысында Еуропалық сот әділ сот шешімі құқығы ішіне азаматтардың дербес қорғау сот құралдары ретінде әділдікті қолжетерлік ету қажет делінген [5].

Конвенцияның мәтінінің 6 бабында әділдікке қолжетерлік құқығы тікелей бекітілмегеннен, оның бұзылуы Еуропалық сотқа Конвенцияның 6 бабының 1 тармақшасына сілтей жүгінуге негіз бола алады.

Біріккен Корольдікке қарсы Джеймс және тағы басқалары ісінде Еуропалық сот Конвенцияның номер бірінші Хаттамасының 1 бабы өзіне үш бөлек, бірақ өз ішінде байланысқан нормаларды қосады: өзінің мүлкісін құрметтеу құқығы; тұлғанын мүлкінен тәркілеу негіздері және мүліктің орындалуын қадағалау тәртібі.

Еуропалық сотқа жүгінгенде шағымданушы үш нормалардың біреуне бөлек шағымдау құқығы бар, Конвенцияның нөмір бірінші Хаттамасының 1 бабында көзделген құқықтың бұзылуын негізге алады.

Еуропалық соттың құзыреті немесе сот терминологиясына сәйкес, Конвенцияның мүше-мемлекеттердің егемендігімен және ұлттық құқықтық қорғалу құралдарына қатысты Сот қызметінің субсидиарлы қағидасымен анықталады.

Еуропалық сот шағым бойынша жауапкер-мемлекеттің соттарының жоғары тұрған сот инстанцияларына қатысты функцияларын атқармайды, және мемлекет сотымен шығарылған үкімді өзгертуге немесе күшін жоюға құқығы жоқ, сонымен қатар шағымданушының іс жағдайларына жаңа баға беруге, оның кінәлілігі жөнінде дәлелдемелерге, куәлардың сөздеріне және істің басқа да жағдайларына. Сот ұлттық сот және әкімшілік органдармен жіберілген Еуропалық Конвенцияда көрсетілген фактілі қателерді бағаламайды және өзгертпейді. Еуропалық соттың заңдардың күшін жою немесе оны қажет ету құқығы жоқ, сонымен қатар қаулылардың, шешімдердің, үкім мен т.б. мемлекеттік нормативті актілердің және белгілі-бір іске қатысты қандай да бір билік шараларының қолдануын талап ете алмайды.

Барлық ішкі құқықтық қорғалу құралдарының пайдалану. Конвенцияның 35 бабына сәйкес «қабылдануға жарамдылығы» бойынша сот істі қабылдай алады, халықаралық құқықтың нормаларымен жалпы бекітілгендей, егер барлық ішкі құқық қорғалу құралдары пайдаланып болса. Еуропалық сот өзінің қаулыларында «Келісуші тараптарға мемлекеттерге шағымдар сотқа түсер алдында, оның негізі болған себептердің алдын-алуға мүмкіншілік беру керек деп бірталай рет айтқан болатын. Осыған байланысты мемлекеттер халықаралық органдар алдында өздерінің әрекеттері үшін жауапкершіліктен, өзінің құқықтық жүйесін пайдаланып іс жағдайын өзгертуге мүмкіншілік алғанға дейін, босатылады».

Құқықтық қорғалудың мемлекет ішіндегі; құралдары-мемлекеттің сот және әкімшілік органдары, шағымданушының ісін қарауға, ол істің мәні бойынша шешім шығаруға құзыретті органдар. Органдардың құзыреттілігі мемлекеттердің заңдарына сәйкес анықталады.

Құқықтық қорғалудың ішкі құралдарын пайдалану талабын орындау кезінде, шағымданушы ұлттық заңдардың барлық талаптарын орындауға міндетті. Егер өзінің жеке себебіне байланысты шағымданушы кассациондық инстанцияға жүгіну мерзімінде шағымданбаса, Еуропалық сот оның арызын қабылдамайды, себебі шағымданушының бұл әрекетті жасауға барлық мүмкіншіліктері болған, бірақ ол оны істемеді [4].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.ard-checchi.kg/mezhdunarodnoe-dvizhenie-factorov>
2. Европейский суд по правам человека. Избранные решения: В 2 т. - М., 2000.-Т. 2.- С.104.

3. Конвенция о защите прав человека и основных свобод (Заключена в г. Риме 04.11.1950) (вместе с Протоколом N 1 (Подписан в г. Париже 20.03.1952), Протоколом N 4 об обеспечении некоторых прав и свобод помимо тех, которые уже включены в Конвенцию и первый протокол к ней (Подписан в г. Страсбурге 16.09.1963), Протоколом N 7 (Подписан в г. Страсбурге 22.11.1984)) // СЗ РФ от 08.01.2001, N 2, ст. 163.

4. Всеобщая Декларация прав человека (Принята 10.12.1948 Генеральной Ассамблеей ООН) // Юридическая литература. - 1990. - С. 14-20.

ӘОЖ 327(574)(5-15)

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АРАБ ӘЛЕМІ ЕЛДЕРІ: МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ

Тажибаев Улугбек Халмуратович

Student_enu@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Аймақтану кафедрасының
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Ж.М. Сабитов

Қазақстан Республикасының сыртқы стратегиясының дамуында елеулі орын алған дипломатиялық қарым-қатынастардың бірі ретінде араб елі мемлекеттерін айтуымызға болады. Бұл мемлекеттермен болған қарым-қатынастардың орнатылуы және олардың дамуы біздің мемлекетіміз үшін өте маңызды, себебі бұл мемлекеттер Қазақстанның егемендік алған кездегі экономикасының тірегі болған мұнай және газ өндіру кешенінде қайталанбас тәжірибеге ие еді. Қазақстан және араб елдері мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастардың кезеңі 1990 жылдардың соңында, араб елдерінің Қазақстанның елордасы Астана қаласының инфраструктурасының дамуына инвестициялар бөлімен басталған болатын. Инвестициялар негізінен БАӘ және АЭ мемлекеттері арқалы жасалынды және бұл еліміздің экономикасының дамуында үлкен көмек болды. Негізінен, Қазақстан және араб елдері арасындағы ынтымақтастықтың дамуы бірнеше векторларда жүрді: сауда-экономика, инвестициялар, мұнай және газ секторы, мәдені байланыстар.

Осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасы көптеген араб елдерімен қарым-қатынас орнатып, олармен саяси, экономикалық, мәдени т.б. байланыстарды дамытып келеді. Атап айтсақ төмендегідей араб елдерімен дипломатиялық қатынастар орнатылған: Бахрейн Корольдігі, Мысыр Араб Республикасы, Марокко Корольдігі, Ұлы Социалистік Халықтық Либия Араб Жамәһириясы, Сирия Араб Республикасы, Катар Мемлекеті, Оман Сұлтандығы, Біріккен Араб Әмірліктері, Палестина Мемлекеті, Алжир Халық Демократиялық Республикасы, Ливан Республикасы, Ирак Республикасы.

Қазақстанның сыртқы саясатында негізгі орын алатын ірі әріптестердің бірі ретінде Мысыр Араб Әмірлігін айтуымыз керек.

Қазақстан мен Мысыр арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдың 6 наурызында орнатылды. Екі ел арасындағы қатынастардың құқықтық негізі ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1993 жылғы Мысыр Араб Республикасына жасаған алғашқы ресми сапары кезінде біршама келісімдерге қол қою арқылы дамыған. Атап айтқанда, 1993 жылдың 14 ақпанында Қазақстан Республикасы мен Мысыр Араб Республикасы арасындағы өзара қатынастар мен ынтымақтастық негіздері туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісім 1995 жылдың 31 тамызында күшіне енді. 1993 жылдың сәуір айында Каирде ҚР елшілігі ашылды. [1]

Қазақстанның Мысырдағы тұңғыш елшісі болып Болатхан Құлжанұлы Тайжан тағайындалды. Қазақстанның Мысырдағы елші қызметін 1999-2002 жылдары Асқар Ахметұлы Мусинов, 2002-2008 жылдары Бағдат Құлтайұлы Әмреев, 2008-2011 жылдары Бахтияр Сардарбекұлы Тасымов атқарды. 2011 жылдың желтоқсан айында ҚР-ның МАР-